



КАУДЫ

04.09 2025

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

107-3074

Астана қаласының
коммуналдық мемлекеттік білім беру
ұйымдарының тауарларды
(жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)
өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін
көрсетуден түсетін ақшалай қаражатты
бөлу тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 102-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 140-бабының 2-тармағына, 161-бабының 2-тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, «Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік білім беру мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 қазандағы № 541 бұйрығына сәйкес

Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік білім беру ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін ақшалай каражатты бөлу тәртібі бұл қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаудының орындатуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Б. Байкенте жүктелсін.

Θκίμ

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «__» _____
№ _____ қаулысына
қосымша

Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік білім беру ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін ақшалай каражатты бөлу тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік білім беру ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін ақшалай каражатты бөлу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 102-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабының 2-тармағына, 161-бабының 2-тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, «Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік білім беру мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 қазандағы № 541 бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. Тәртіп мемлекеттік білім беру мекемелері тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету нәтижесінде алынған, олардың иелігінде қалатын және оларды өткізуге жұмсалатын ақшалай каражатты бөлуін регламенттейді.

3. Тәртіп Астана қаласының коммуналдық мемлекеттік білім беру ұйымдарына арналған.

2-тарау. Ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі қызмет түрлері

4. Астана қаласының білім беру ұйымдары (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс мынадай тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасуымен ақылы негізде:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруды (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен мүдделерді дамыту, мамандықтар біліктілігін арттыру);

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыруды;

3) білім алушылармен пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша ғылым негіздерін тереңдетіп оқытуды ұйымдастыруды;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек тұрғындар арасында спорттық жарыстар, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және іске асыру жөніндегі түрлі іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді;

5) музыкалық аспаптарды және интернет-байланыстың қосымша қызметтерін пайдалануға беруді;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, білім беру ұйымдарында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушыларды тамақтандыруды қамтамасыз етуді;

7) кәсіптік білім беруді ұйымдастыруды (білікті жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

8) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибелік учаскелердің өнімдерін өндіруді ұйымдастыруды және өткізуді;

9) ғылыми зерттеулер жүргізуді;

10) білім беру ұйымдарының қаражаты есебінен орындалған ғылыми зерттеулерді жүргізу және дене шынықтыру-сауықтыру мен спорт құрылыстарын мүдіктік жалға (жалдауға) беру.

5. Білім беру ұйымдары ғимараттарда көрсетілетін ақылы қызмет түрлерінің тізбесін және ұсынылатын тауарларға (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге) баға прейскурантын көрсете отырып, ақпаратты көрнекті жерде орналастырады.

6. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі қызметтің ақылы түрлері білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарлары (бағдарламалары) бойынша ұсынылады.

7. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлері білім алушылар мен тәрбиеленушілерге өтініштер негізінде тәмелетке толған білім алушы мен тәрбиеленушінің, ата-анасының немесе кәмелетке толмаған білім алушы мен тәрбиеленушінің өзге де заңды өкілдерінің жеке кесте бойынша еркін нысанда ұсынылады.

8. Ақылы негізде қызмет көрсететін білім беру ұйымдарындағы және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес шартпен реттеледі.

9. Ақылы қызметтер көрсетуден алынатын және табыс әкелетін ақшалай қаражат екінші деңгейдегі банктердің немесе қазыналық органдардың дербес шоттарына есептеледі.

3-тарау. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуден алынған акшалай қаражатты жұмсау тәртібі

10. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 102-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 140-бабының 2-тармағына, 161-бабының 2-тармағына, сондай-ақ Қағидалардың 3-тарауына сәйкес білім беру ұйымдары тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан алынған, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс түскен акшалай қаражатты жұмсайды, келесі бағыттар бойынша:

- 1) білім беру мекемелерінің оқу-материалдық базасын нығайту;
- 2) оқу жабдықтары мен мүкәммалды, оның ішінде оқу-тәжірибе учаскесінде жұмыс істеу үшін сатып алу;
- 3) оқу-өндірістік шеберханалар мен қосалқы шаруашылықтарды кеңейту;
- 4) білім алушыларды көтермелеу және білім алушылардың жекелеген әлеуметтік қорғалмаған топтарына материалдық көмек көрсету;
- 5) білім беру ұйымының, оқу корпусын және жатақханаларды ағымдағы жөндеу;
- 6) мектеп жанындағы учаскені дамыту және білім беру ұйымдарын шеберханалық жабдықтарын жаңарту;
- 7) спорт алаңдарын орнату;
- 8) сауықтыру іс-шаралары;
- 9) жарысқа қатысушылардың тамақтану бойынша шығыстарды жабу, төрешілердің (судьялардың) және медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу;
- 10) қосымша оқу бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру;
- 11) үйірмелер мен секция басшыларының еңбегіне ақы төлеу;
- 12) үйірмелер мен секцияларды ұйымдастыруға байланысты іс-шаралар;
- 13) ақылы білім беру қызметтерін көрсететін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу;
- 14) қосымша ақыларды, үстемеақыларды, сыйлықақыларды және ынталандырушы сипаттағы басқа да төлемдерді белгілеу;
- 15) жылу, электр энергиясы, сумен жабдықтау және басқа да коммуналдық шығыстар үшін ақы төлеуге, ағымдағы және шаруашылық мақсаттар үшін заттар мен материалдарды сатып алуға, ғимаратқа қызмет көрсету жөніндегі қызметтерге ақы төлеуге, көлік қызметтеріне ақы төлеуге және тауарларды сатып алуға арналған өзге де шығыстарға арналған шығыстар;
- 16) ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңарту және күрделі жөндеу;
- 17) тәрбиешілер мен демалыс лагерьлерінің көмекші персоналының еңбегіне ақы төлеу;
- 18) музыкалық аспаптарды жөндеу;
- 19) іссапар шығындары;
- 20) білім беру ұйымдарын аккредиттеуді жүргізу.

4-тарау. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуден түсетін ақшалай каражатты бөлу тәртібі

11. Білім беру ұйымының қызметкерлері мен Қамқоршылық кеңесі қатарынан құрылатын комиссия ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін ақылы қызметтер көрсетуден қолда бар каражатты бөлу туралы шешім қабылдайды.

12. Білім беру ұйымының есеп шотына келіп түскен ақылы қызметтер көрсетуден түскен каражатты жұмсау олар келіп түскен/есепті кезеңде болған жағдайда жүргізіледі.

13. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуден алынған каражат мынадай тәртіппен бөлінеді:

1) барлық міндетті салықтар мен аударымдарды ескере отырып, ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуге тікелей қатысатын білім беру ұйымы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге – ақылы көрсетілетін қызметтер сомасының 30 (отыз) пайызынан аспайды;

2) қосымша ақшалай төлемдер, білім беру ұйымы қызметкерлерінің іссапар шығыстары – ақылы қызметтер сомасының 5 (бес) пайызынан аспайды;

3) білім беру ұйымының үй-жайларын, жабдыктарын және басқа да негізгі құралдарын ұстау, оларға қызмет көрсету, жөндеу – ақылы қызметтер сомасының кемінде 35 (отыз бес) пайызы;

4) білім алушыларды көтермелеу және білім беру ұйымы білім алушылардың жекелеген әлеуметтік қорғалмаған топтарына материалдық көмек көрсету – ақылы қызметтер сомасының 15 (он бес) пайызынан аспайды;

5) білім беру ұйымының мұқтажы үшін өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ақылы көрсетілетін қызметтер сомасының кемінде 15 (он бес) пайызын сатып алу.